

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

№39 «Достық» мектепке дейінгі ұйым



2020-2021 оқу жылының

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Ақтөбе – 2021 жыл

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Мекеменің аты: Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
№39 «Достық» балабақшасы

Мекен-жайы: Ақтөбе қаласы, Чекалин көшесі, 36

Телефон: 8 (7132) 53-61-24, 53-63-06, 50-75-30, dostyk_2011@mail.ru

Инстаграм: [dostyk39](#)

Жалпы алаңы: 3210 ш.м.

Ақпараттық анықтама. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Балапан» бағдарламасы аясында күрделі жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстарынан кейін 2011 жылдың қаңтар айында МКҚК №39 «Достық» МДҰ қолданысқа берілді. Балабақшада 10 топ, барлық бала саны-280, оның 6 топта 210 балаға оқу-тәрбие мемлекеттік тілде беріледі. Шанхай мөлтек ауданының 31 % балаларын қамтиды.

МДҰ-да оқу-тәрбиелеу жұмыстарын жүргізетін педагогтар саны - 30, оның 90% мектепке дейінгі тәрбие мамандығы бойынша қызмет етеді. 3 жылда 20 педагог біліктілігін көтеру курсынан өтті, 9 педагог аттестациядан өтті.

2019 жылы МКҚК №39 «Достық» МДҰ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Ақтөбе облысының Білім саласындағы бақылау департаменті мемлекеттік мекемесінің тексерісінен өтті.

Материалдық-техникалық базасы. Жоба қуаттылығы-280 орын. №39 «Достық» МДҰ заманауи балалар көп функционалдық жиһаздары және ойыншықтармен жабдықталған. Музыка, денешынықтыру залдары, қазақ тілі, әдістемелік кабинеті, өзін-өзі тану кабинеті және техникалық құрал-жабдықтармен қамтылған. Тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту және қалыптастыруға медициналық және егілу кабинетінде жүзеге асырылады. Көріктендірілген балабақшаның аймағында спорттық және ойындық жабдықтар балалардың денсаулығын нығайтуға, ата-аналармен тәрбиеленушілер арасында дене шынықтыру және спортты дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар экологиялық аймақ: шыршалар, бақша, гүлзарлар балаларға экологиялық тәрбие беруге қызмет көрсетеді.

Басымдылық бағыты. 2012 жылдан бастап облыстық алаң мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беруге бағытталған шығармашылық ЭКО зертхана жұмыстары жүргізілуде.

2014 жылдан бастап республикалық «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарлама бойынша пилоттық мекеме болып тағайындалған.

2019-2022 оқу жылдарында «Заманауи білім беру технологияларын енгізу негізінде мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбие-білім беру процесінің сапасын арттыру» облыстық эксперимент жүргізілуде.

Жетістіктері: 5 жылда МДҰ педагогтары білім беруге бағытталған 26 адаптивтік бағдарлама, 26 педагогтың әдістемелік жұмыстары облыстық жинақтан жарық көрді. Жыл сайын МДҰ-ның педагогтары және тәрбиеленушілері республикалық, облыстық және қалалық байқауларға қатысып, жүлделі орындармен және сертификатпен марапатталады.

Балабақша менгерушісі Уркимбаева Акканым Жаксыевна

Білімі: жоғары (1986 ж., Орал қаласы, А.С. Пушкин атындағы пединститут, 2015ж. Ақтөбе қаласы, Баишев атындағы университет, мамандығы: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту».

Еңбек жолы: 34 жыл

2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2020-2021 оқу жылдарында «Заманауи білім беру технологияларын енгізу негізінде мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбие-білім беру процесінің сапасын арттыру» облыстық эксперименті бағытында жұмыс жалғасын тапты. Облыстық эксперимент «Қызғалдақ» «Бұлақ» мектепалды даярлық топтарында жүргізілуде. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша біліктілікті арттыру курсынан 7 педагог өтті соңғы екі жылда. (Ұзақбай Г.Б, Кабулова А.С, Мандыбаева Ж.Қ, Сариева Н.П, Зулкакова Л.А, Намазбава Г.А, Айтбаева А.Қ) МДҰ-да оқыту және тәрбиелеу жұмыстарын жүргізетін педагогтар саны – 29. (Меңгеруші, әдіскер, психолог, 2 музыка жетекшісі, 2 дене шынықтыру жетекшісі, қазақ тілі мұғалімі, орыс тілі мұғалімі, 20 тәрбиеші) 2020 жылы 1 қыркүйекте ересек, мектепалды даярлық топтарында Білім күні аталып өтті. «Өзін-өзі тану kz» республикалық журналының 2020 жылғы №6 кезекті баспасында «Бөбек ғылыми орталығы институтының п.ғ.д, профессор Аршагүл Қылышбекқызы Рысбаеваның «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарламасы бойынша №39 «Достық» мектепке дейінгі пилоттық ұйымның жұмыс тәжірибесі туралы мақаласы жарық көрді. Өзінің мақаласында Аршагүл Қылышбекқызы мектеп жасына дейінгі балаларға жалпыадамзаттық құндылықтар туралы білім беру ісінде маңызды міндеттерді шешу бойынша педагогикалық ұжымның жұмысына жоғары баға берді. Биылғы оқу жылында ұйымдастырылған оқу қызметі кезекші топтарда санитарлық тазалық шараларын сақтай отырып сабақ кестесіне сәйкес жүргізілді. Қазан айында қарттар күнінде балабақшада балалармен әңгіме сабақ жүргізілді. Балабақша педагогтары №39 «Достық» МДҰ-на зейнетке шыққан қызметкерлердің үйіне барып құттықтады. Қазан айының бірінші аптасында Қалалық білім бөлімінің ұсынған жоспарына сәйкес шығармашылық топтың ұйымдастыруы бойынша ұстаздарды құрметтеу, еңбегін бағалау, Ұстаз мәртебесін көтеру мақсатында құттықтау видеоролик жасалып балабақшаның әлеуметтік желісінде жарияланды.

26-30 қазан аралығында барлық жас ерекшеліктегі топтарда «Алтын күз» ертеңгілік жоғары деңгейде өткізілді. Балалардың креативтілік дағдыларын дамыту бағытында ата-аналарымен бірге жасаған заттарынан «Күз сыйы» тақырыбы аясында шығармашылық көрмесі ұйымдастырылды. Шығармашылық көрмеге 10 топтың балалары қатысты, ең үздік жұмыс нәтижелері Дипломмен мадақталды. МДҰ қызметкерлері «Балаларға қуаныш сыйла» қайырымдылық акциясына қатысып, мүмкіндігі шектеулі ерекше 18 балаға сыйлық жасады. Қараша айында балабақша қызметкерлері ата-ананың қамқорлығынсыз қалған Үсеновтар отбасысына қаржылай көмек көрсетіп, қол ұшын созды.

Жас мамандар мектебі жұмысының жоспарына сәйкес іс шаралар жүргізілді. Балабақшаның тәжірибелі педагогтары Зулкакова Л.А, Дауева А.З, Ажмуратова Н.М, Кабулова А.С, М.Х. Шуиншалина, Чипегина В.А шебер класс көрсетіп озық тәжірибелерімен бөлісті. Жас мамандар Айтбаева А.Қ, Рыженкова К.В, Наазбаева Г.А, Сусиндибаева Р.А, Кужахметова К.А, Оразова Ж.А, Тілеп Ә.А 16-20 қараша аралығында ашық ұйымдастырылған оқу қызметін жүргізіп, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру бағытында әдістемелік көмек алды.

20 қараша Дүниежүзілік балалар күні қарсаңында «Бәйтерек», «Бұлақ», мектепалды даярлық топтарында «Бала құқығы» тақырыбы аясында әңгіме сабақ, даытушылық ойындар жүргізілді. «Қызғалдақ» мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілері ортаңғы топ бүлдіршіндеріне театрландырылған «Жеті лақ» ертегісінің қойылымын көрсетті.

Жылдық жоспарға сәйкес «Папа, мама, я – спортивная семья» тақырыбында «Асылтас» ортаңғы тобының балалары ата-аналарымен бірге жасаған таңғы жаттығуларын, ойнаған спорттық ойындары көрініс табатын видео ролик жасап, қашықтан жұмыс жүргізілді.

Желтоқсан айында Қалалық білім бөлімінің «Өрт қауіпсіздік аптасы» жұмыс жоспарына сәйкес «Өрттен пайда болатын қауіпті жағдайлардың алдын алу» тақырыбында жас мамандарға білікті маман

Ажмуратова Н.М кеңес берілді. Ортаңғы «Ақбота»«Балапан», «Айналайын», «Асылтас» топтарында Өрт қауіпсіздігіне байланысты әңгіме сабақ, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Күншуақ», «Жұлдыз», «Балдәурен» ересек топтарының балдарын «Өрт қауіпсіздік ережелерін сақтаймыз» тақырыбында видео ролик көрсетілді. «Бәйтерек», «Қызғалдақ», «Бұлақ» мектепалды даярлық тобының балалары «Өрттен өз үйімізді қорғаймыз» тақырыбында сурет салды

1 желтоқсан Тұңғыш президент күні мерекесі қарсаңында барлық топтарда әңгіме сабақ жүргізілді. Топтарда қабылдау бөлмесінде жылжымалы папка жасалды, ата-аналарға арналған құттықтау ілінді. «Бәйтерек» мектепалды даярлық тобында «Елін сүйген елбасы!» тақырыбында интеллектуалдық ойын өткізілді.

16 желтоқсан Тәуелсіздік күні қарсаңында «Қызғалдақ» мектепалды даярлық тобының балаларымен денешынықтыру жетекшісі А.Б.Телғарин ұлттық ойындар эстафетасын жүргізді. «Тәуелсіздік ел тірегі» тақырыбы аясында ортаңғы, ересек топтарындағы бүлдіршіндердің қатысуымен шығармашылық көрме өткізді. «Бұлақ» мектепалды даярлық тобында «Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым!» тақырыбы аясында интеллектуалдық ойын жүргізілді. Рухани жаңғыру бағдарламасының жұмыс жоспарына сәйкес, ересек, мектепалды даярлық топтарының балалары арасында «Жырға қосам мен сені Қазақстан!» тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы өткізілді.

18-22 қаңтар аралығында жылдық жоспарға сәйкес «Тіл-ұлт қазынасы» қазақ тілі апталығы өтті. «Қызғалдақ» мектепалды даярлық тобында интеллектуалдық ойын және ашық ұйымдастырылған оқу қызметі жүргізілді. Педагогтар арасында «Тәрбие басы – тіл» тақырыбында жарыс өткізілді. Ортаңғы топ бүлдіршіндерімен ұлттық ойындар ойнатылды.

Сүйікті балабақшамыздың ашылғанына 10 жыл толуына байланысты аталып өтті.

2-12 ақпан аралығында «Өзін-өзі тану: Махабат пен Шығармашылық педагогикасы» атты дәстүрлі онкүндік декада ұйымдастырылып өткізілді.

28.02.2021 ж күні облыстық мамандандырылған жас өспірімдер спорт мектебіне №39 «Достық» МДҰ ның ата-аналары Теннис үйірмесіне қатысатын балаларымен іс-шараға қатысуға барды. Жетекшісі Телғарин Ақылжан Бердібайұлы.

1 наурыз Алғыс айту күні қарсаңында ересек тобының бүлдіршіндері жақындарна алғысын видео ролик арқылы жеткізді. 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні, 22 наурыз Ұлыстың ұлы күні жылдық жоспарға сәйкес аталып өтті.

2021 жылдың 3 наурыз күні ЗУМ платформасында «Сыбайлас жеңорлыққа қарсы күрес» бағытында ата-аналармен жиналыс өткізілді. Мамыр айында ата-аналардың қатысуымен ойын алаңқайлары әрленіп, балабақша ауласы көгалдандырылды.

1 мамыр ҚР Халқының бірлігі күні қарсаңында барлық топтарда әңгіме сабақ жүргізілді. «Күншуақ» «Жұлдыз», «Балдәурен» ересек топтарында музыка залында мерекелік кеш өткізді. 7 мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесі қарсаңында ортаңғы топ бүлдіршіндері әкелеріне арнап сыйлық жасады өз қолдарымен. Ересек топарда әңгіме сабақ жүргізілді. Балалар әскер қатарында болған әкелерінің фото суреттерін балабақшаға әкеліп мақтан етті. «Бұлақ» мектепалды даярлық тобында «Ел қорғаушы ержүрек батырлар» атты интеллектуалдық ойын өткізілді. 9 мамыр Ұлы Жеңіс күні қарсаңында балаларға патриоттық тәрбие беру мақсатында «Менің атам майдангер» фотокөрме ұйымдастырылды. «Қызғалдақ» «Бұлақ» «Бәйтерек» мектепалды даярлық тобы балаларының қатысуымен музыка залында мерекелік кеш өткізілді

Биылғы оқу жылында «Бәйтерек» «Қызғалдақ» «Бұлақ» мектепалды даярлық топтары балабақшамен қоштасу кешін жоғары деңгейде өткізді. Балалар бар білім білік, меңгерген дағдыларын көрсете білді.

Бірінші жартыжылдық тапсырма «Театр түрлері арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың креативтілік, командада жұмыс жасау, сыни ойлау, коммуникативтілік тілдік дағдыларын дамыту» бағытында қарқынды жұмыстар жүргізілді. Топтарда заттық даытушы орта ұйымдастырылды. Театрдың бірнеше түрі жасақталды. Әр топта балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кітап бұрышында ертегілер жинағы жасақталды. Балалардың бос уақытын ұйымдастыруда театр түрлері кеңінен қолданылды. Бірінші жартыжылдық тапсырма бойынша тақырыптық тексеру жүргізіліп «Жақсы» педагогикалық ұжым жұмысы жақсы деген баға қойылды.

Екінші жартыжылдық тапсырма «Мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ жазушыларының шығармалары арқылы патриоттық тәрбие беру» бағытында балалармен, ата-аналармен жұмыстар жүргізілді. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ақын жазушылардың шығармалар жинағы жасақталды. қазақ жазушыларының шығармалары арқылы патриоттық тәрбие беру бағытында жүргізілген жұмыстар циклограммаға енгізілген.

2020 жылдың 19 маусымында «Жазғы кезеңді ұйымдастыру» онлайн режимінде өткен қалалық семинарға балабақша меңгерушісі А.Ж. Уркимбаева қатысып өз тәжірибесімен бөлісті.

2020 жылы қазан айында Балабақша меңгерушісі А.Ж. Уркимбаева, әдіскер Ұзақбай Г.Б. Облыстық ғылыми тәжірибелік орталығының Алғыс хатымен мадақталды.

2020 жылы Қалалық білім бөлімінің тамыз кеңесіне Уркимбаева А.Ж., Ажмуратова Н.М., Дауева А.З., Досжанова Г.Ж., Дүйсенқұлова Г.Р., Зулкакова Л.А., Курманова Д.Б., Мандыбаева Ж.Қ., Тайжанова Д.У., Чипегина В.А. баяндамалар жинағына еніп жарияланды.

Ақтөбе облысының әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасы теннистен облыстық мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің Алғыс хатымен дене шынықтыру жетекшісі Телғарин А.Б. мадақталды.

2021 жылы өткен «Нұр Отан партиясының» сайлауы кезінде белсенді ат салысқаны үшін Ұзақбай Г.Б., Табышева Л.Т., Тайжанова Д.У. Алғыс хатпен мадақталды.

Желтоқсан айында Ұзақбай Г.Б. АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ «Жыл таңдауы-2020» дипломымен мадақталды.

2021 жылы ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДА САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КОМИТЕТІНІҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ САПАСЫНДА САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ДЕПАРТАМЕНТІ Алғыс хатымен әдіскер Ұзақбай Г.Б. мадақталды. Департаменттің құрылғанына 10 жыл толуына орай «Әдіскерлер қызмті-сапалы білімнің негізі» атты әдістемелік айлық аясында өткен оқыту семинарын өткізуге ат салысқаны үшін.

29.01.2021 жылы «Мектеп жасына дейінгі балалардың 4 К моделіндегі креативтілік, сыни ойлау, дағдыларын дамыту» облыстық әдістемелік семинарына балабақша әдіскері Ұзақбай Г.Б. қатысты.

19.04.2021 жылы Мектепке дейінгі ұйым дене шынықтыру нұсқаушыларына арналған қалалық әдістемелік онлайн семинарына Телғарин А.Б. қатысты.

2021 ж. 09-16 сәуір аралығында «Өзін-өзі тану рухани-адагершілік білім беру бағдарламасының мектепке дейінгі ұйымдарда жүргізілу ерекшеліктері» әдістемелік семинарына меңгеруші

А.Ж.Уркимбаева, әдіскер Г.Б.Ұзақбай, тәрбиеші Чипегина В.А, Ж.Қ.Мандыбаева қатысты. (9,12,14,16)

2021 ж. 16 сәуір күні «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда жаңартылған білім беру мазмұны» мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілеріне және музыка жетекшілеріне арналған қалалық әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен өтетін онлайн семинар-практикумға әдіскер Ұзақбай Г.Б, музыка жетекшісі Дауева А.З, тәрбиеші Кабулова А.С қатысты.

2020 жылы 6 қарашада «Өзін-өзі тану рухани-адагершілік білім беру бағдарламасын оқу-тәрбие үдерісіне интеграциялау» пилоттық жобасының нәтижелері: тәжірибе мен даму мүмкіндіктері» тақырыбында Республикалық онлайн-семинарға қатысқаны үшін сертификат иеленді.

8 наурыз Халықаралық әйелдер күні қарсаңында балабақша педагогтары Ұзақбай Г.Б, Абилова Ғ.Н, Дауева А.З, Ажмуратова Н.М, Чипегина В.А, Айтбаева А.Қ Қалалық білім бөлімінің және Облыстық кәсіподақ комитетінің Алғыс хатымен мадақталды.

Қашықтан өткен «Бақытты бала әлемі» Республикалық дарынды балалар байқауына музыка жетекшісі Тілеп Ә.А «Бәйтерек» мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушісі Қайыржан Іңкәрді қатыстырып І дәрежелі дипломмен мадақталды.

Мамыр айында №39 «Достық» МДҰ да Минни Теннис үйірмесіне қатысатын тәрбиеленушілер «Мен теннис жөнінде не білемін интелектуалдық ойынына қатысып 5 тәрбиеленуші дипломдармен мадақталды. Жетекшісі Телғарин А.Б

«Зият» ғылыми әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткен «Жазғы көрініс» атты қашықтан өткен сурет байқауына Бектас батырхан қатысып 1 орын иеленді. «Қазақ қоғам» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен қолөнер байқауына Жұмабай Фатима, Жұмажан Айзере қатысып 1 орын иеленді. Жетекшісі Досжанова Г.Ж

Жұмыс бағыттары	Нәтиже көрсеткіштері	Жақын уақыт тапсырмалары
Білім саласы бойынша оқу іс-әрекеті		
Денсаулық: -дене шынықтыру; - қауіпсіз мінез-құлық негіздері,	дене жаттығулары мен сауықтыру шараларына қызығушылық танытады; педагогтың көрсетуімен ертеңгілік жаттығудың кешендерін орындайды; өздігінен түрлі ойындаройнайды, ойын ережелерін сақтай алады; спорттық ойындардың элементтерін орындайды; шынықтыру түрлерін, өз-өзіне қызмет көрсетудің дағдыларын игерген.	баланың денсаулығын сақтау және нығайт, дене шынықтыруға қызығушылығын арттыру, денсаулық сақтау технологиясын пайдалана отырып, қозғалыс біліктері мен дағдыларын қолдануға баулу, медициналық-педагогикалық бақылауды күшейту.
Қатынас:	ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын	инновациялық әдістер мен технологияларды

- сөйлеуді дамыту; - көркем әдебиет; - сауат ашу негіздері; - қазақ тілі, орыс тілі	дамыту;балалар әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту; балалар әдебиетіне қызығушылықты дамыту; Зерттеу жұмыстары мен түзету, реттеу, көмек көрсетуді уақытылы жүргізу	қолданып, қоғамдық ортада ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру болып табылады.
Таным: - Математика негіздері; - құрастыру -жаратылыстану	сенсорлық қабілеттерін, алғашқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін дамыту; жаратылыстану бойынша түсініктерін, тірі және өлі табиғат жайлы білімдерін, танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялды қалыптастыру; табиғатта өзін ұстай білу ережелерімен және қарапайым өзара байланыспен таныстыру; тірі және өлі табиғат объектілеріне деген ұқыпты қарым- қатынасқа тәрбиелеу; эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой - өрістерін кеңейту.	математикалық, конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық қызығушылықтарын, экологиялық білім негіздерін қалыптастыру болып табылады.
Шығармашылық - сурет салу; - мүсіндеу; - жапсыру; - музыка	сезімдік-эмоциялық қасиеттері мен эстетикалық талғамды,бейнелеу дағдылары мен музыкалық білімдерін қалыптастыру; шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту; қарапайым заттар, құбылыстар, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуде біліктер мен дағдыларды қалыптастыру, пішінді, түсті, заттардың орналасуын беруге үйрету; қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға үйрету; өз ойын айтуға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға сураныстарын қанағаттандыру; өзінің жұмыстарын және басқа балалардың жұмыстарын бағалауды үйрету.	инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, шығармашылық дағдыларды, эстетикалық талғамды дамыту және қалыптастыру.

Әлеумет: - өзін-өзі тану - қоршаған ортамен танысу;	ересектердің еңбегі, оның қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастармен және ересектермен өзара қарым-қатынастары туралы білімдерін кеңейту; отансүйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігіне мақтаныш сезімін тәрбиелеу; өзінің еңбегіне, басқа адамдардың еңбегі мен оның нәтижелеріне құндылықты қатынасқа тәрбиелеу; құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.	Жалпы адамзаттық құндылықтар мен ережелер негізінде жеке тұлғаның әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Әдістемелік құралдармен толықтыру.
Кадрлармен жұмыс	Мектепке дейінгі ұйым педагогтары мен мамандары: - педагогтар мен ата-аналар үшін ашық оқу қызметтерін өткізілді; -оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын игерілді; -біліктілікті арттыру курстарынан өтілді; -аттестациядан уақытында өткізілді; -жас мамандарға әдістемелік көмек берілді; -республикалық, облыстық, қалалық деңгейдегі байқауларға қатыстырылды;	Мектепке дейінгі психологиялық тәрбие және педагогика пәнінен оқу деңгейін теориялық жоғарылату. Тәрбиеші өз бетінше даму қажеттілігін қалыптастыру. Балалардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, тәрбиелеу және оқыту ісіне оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану.
Ата-аналармен жұмыс	Ата-аналармен қосылып онлайн, офлайн режимінде өткізілген шараларға ата-аналардың белсенді қатысуы сауалнама толтыруға тәрбие және оқу процесіне жаңартылған әдістер енгізілді. Ата-аналардың 98 пайызы балабақшада баланың жан- жақты дамуына жағдай жасалып, мектепке сапалы дайындық беріледі деп санайды. Ағылшын тіліне үйретуге қолдау жасайды. Республикалық өзін-өзі тану эксперименті жұмысы бойынша «Баламызға жүрегімізді ұсынамыз» клубының отырысына қатысты. «Заманауи білім беру технологияларын енгізу негізінде мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбие-білім беру процесінің сапасын арттыру» облыстық эксперимент	Ата-аналарды оқу білім процесіне араласуын қарастыру. Ата-аналармен бірлесе отырып жұмыс жасау формалары мен жолдарын іздестіру. Салауатты өмір салтын қалыптастыруда әр түрлі жұмыс түрлерімен таныстыру және спорттық іс-шараларға қатыстыру. Ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымда өтетін іс-шараларға қатыстыру.

	бағыты бойынша Тұтас бала бейнесін қалыптастыруға қолдау көрсетті.	
--	--	--

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰЖЫМЫНЫҢ ЖҰМЫС НӘТИЖЕСІ
Педагогтардың педагогикалық өсім көрсеткіші

Оқу жылы	Барлық педагогтар	Жоғары білімді	Жоғары мектепке дейінгі	Арнаулы орта білім	Мектепке дейінгі арнаулы орта білімі	Пед. білімі жоқ
2018-2019	25	13-52%	7-28%	12-48%	9-36%	-
2019-2020	27	11-40%	5-19%	16-59,2%	13-48,1%	-
2020-2021	29	9-31%	3-10,3%	20-68%	18-62%	-
					<i>2 педагог сырттай оқып жатыр</i>	

2020-2021 оқу жылында жалпы 12 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті

Өз білімін жетілдіру курсы туралы мәлімет

Оқу жылдары	Педагогтар саны	«Өрлеу» БАҰО АҚ	«Педагогикалық шеберлік орталығы» жаңартылған білім беру мазмұны бойынша 2
2020-2021	29	9	3

Педагогтар санатын өсіру туралы мәлімет

Оқу жылы	Барлық педагог	Жоғары	%	1-ші	%	2-ші	%	Санаты жоқ	%	Педаг модератор	%
2018-2019	25	2	8%	5	20%	9	36%	9	36%		
2019-2020	27	2	7,4%	4	14,8%	9	33,3%	12	44,4		
2020-2021	29	2	6,9%	6	20,7%	7	24%	15	51,7%	1	3,4%

БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ ТОБЫНА САРАПТАМА

Аурушандық талдауы

Оқу жылы	Аурушандықтың жалпы саны	Инфекциялық аурушандық саны	Соматикалық аурудың саны
2018-2019	9826	23	-
2019-2020	6385	20	6368
2020-2021	3881	-	3881

Бала денсаулығы топтарының таблицасы

Оқу жылы	Бала саны	1-топ денсаулығы	2-топ денсаулығы	3-топ денсаулығы
2018-2019	341	80	46	5
2019-2020	304	221	80	3
2020-2021	246	77	169	-

Денешынықтыру деңгейінде бала денсаулығының салыстырмалы таблицасы

Оқу жылы	2018-2019	2019-2020	2020-2021
Денешынықтырудағы физиологиялық даму	99%	99%	99%

БАЛАЛАРЫНЫҢ БІЛКІТІЛІКТЕРІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ДАМУЫН БАҚЫЛАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

Мониторинг нәтижелері туралы жинақ есебі

№	топтар	Бала саны	Дағдылардың қалыптасу деңгейі (%)														
			Денсаулық сақтау дағдылары			Коммуникативті-тілдік дағдылар			Танымдық дағдылар			Шығармашылық дағдылар			Әлеуметтік дағдылар		
			I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III
1	«Балапан» ортаңғы тобы	26	0	0	26	0	4	22	0	0	26	0	4	22	0	0	26
2	«Айналайын» ортаңғы тобы	27	8	18	0	22	5	0	25	2	0	23	4	0	8	19	0
3	«Ақбота» ортаңғы тобы	28	0	15	13	0	1	18	0	18	10	0	14	14	0	18	10
4	«Асылтас» ортаңғы тобы	30	0	5	25	0	3	27	0	5	25	0	3	27	0	3	27
5	«Күншуақ» ересек тобы	26	1	1	24	1	7	18	1	4	21	1	5	20	0	1	25

6	«Жұлдыз» ересек тобы	32	0	8	24	0	17	15	0	16	16	0	8	24	0	17	15
7	«Балдәурен» ересек тобы	29	0	7	22	0	19	10	0	16	13	0	18	11	0	20	9
8	«Бұлақ» мектепалды даярлық тобы	27	0	6	21	0	17	10	0	14	13	0	10	17	0	15	12
9	«Бәйтерек» мектепалды даярлық тобы	29	0	2	27	0	9	20	0	10	19	0	15	14	0	25	4
10	«Қызғалдақ» мектепалды даярлық тобы	29	0	4	25	0	6	23	0	5	24	0	4	25	0	3	26
барлығы		283															

ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

1. 2020-2021 оқу жылында педагогикалық ұжым өткізген оқу-тәрбие жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

2. 2021-2022 оқу жылында балабақшаның оқу-тәрбие жұмысын нормативтік құжаттарға сәйкес ұйымдастырсын.

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны бойынша барлық педагогтердің жұмысын жандандыру. Жылдық жоспарға жаңартылған мазмұн бойынша курстардан өтпеген педагогтар үшін семинар-практикумдарды енгізу.

4. Инновациялық және эксперименттік жұмыс бойынша жұмысты жандандыру: педагогтерді педагогикалық проблемалар бойынша жинақталған тәжірибені жалпылауға ынталандыру, адаптивті вариативті оқу бағдарламаларын, әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу, оқытудың әртүрлі әдістері мен технологияларын, білім беру процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін, тәсілдерін пайдалану.

5. Балабақшаның жас мамандары арасында кәсіби шеберлікті арттыру бойынша жұмысты жалғастыру. Жұмысты жандандыру "Жас маман мектебі".

6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы бақытты, дені сау, дербес, білімқұмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды тұтас дамыту үшін баланың даралығын қолдауға бағытталған инклюзивті дамыту ортасын, түрленетін ойын және тақырыптық аймақтарды құру; ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы баланың рухани-адамгершілік құндылықтары негізінде жеке қасиеттерін қалыптастыру;

7. Ата-аналармен және ата-аналар қауымдастығымен жұмыста: ата-аналармен өзара әрекеттесу кезінде баламен жұмыс жасау, барлық ерекшеліктерді ескеру: әлеуметтік жағдайы, отбасы тарихы, елдің мәдени ерекшеліктері мен дәстүрлері, баланың табиғаты мен ерекшеліктері. Ата-аналармен күнделікті қарым-қатынас және оларды бейімдеу мен оқыту процестеріне тарту мектепке дейінгі ұйым ұжымының басты міндеттерінің бірі болуы тиіс. Білім беру процесінің тиімділігі үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыру үшін ата-аналармен ашықтықты, тығыз ынтымақтастықты және өзара әрекеттесуді көздейтін мақсатты бағыттарды белгілеу.

